**2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 4 мамырдағы № 149 қаулысы. Ақмола облысы Зеренді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 2 маусымда № 1-14-135 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 қаңтардағы № 39 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2011.01.14 № 39 қаулысымен*

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына , «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери кызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шақыру және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығы, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасы азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысы негізінде, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жок он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар, 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында айларында «Ақмола облысы Зеренді ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Аудандық шақыру комиссияның құрамы 1 қосымшаға сәйкес құрылсын және бекітілсін.

3. Мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу кестесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Зеренді орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігері (келісім бойынша) медициналық куәландыру өткізу үшін шақыру комиссиясының құрамында медициналық комиссия құрылсын.

5. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Зеренді аудандық Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша) әскери қызметке шақырылудан жалтарған азаматтарды жеткізуді, сондай-ақ шақырылушылардың жөнелтілуі мен кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау әкімнің орынбасары Ә.А.Таласбаеваға жүктелсін.

7. Осы қаулы 2010 жылдың 15 сәуірінен бері пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

8. Осы қаулы Зеренді ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Е.Сағдиев*

КЕЛІСІЛДІ:

*«Ақмола облысы Зеренді ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Бражанов Т.Ә.*

*«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Зеренді аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Балтабаев С.А.*

*Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Зеренді орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігері Жанғалов Б.Б.*

Қосымша 1
БЕКІТІЛДІ
Зеренді ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 4 мая № 149 қаулысымен

**Аудандық шақыру комиссиясының құрамы**

Тұрар Әлжанұлы Бражанов - «Ақмола облысы Зеренді ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы;

Әлия Аманжолқызы Таласбаева - Зеренді ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Талғат Сұлтанғалиұлы Қарабалин - «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министірлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Зеренді аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары;

Ғиззат Куанышбайқызы Сүлейменова - Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Зеренді орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссияның төрағасы;

Валентина Викторовна Куликова - Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Зеренді орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының медбикесі, комиссия хатшысы.

Қосымша 2
БЕКІТІЛДІ
Зеренді ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 4 мая № 149 қаулысымен

**Мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу кестесі**

| № | Селолық округ және кенттердің атауы | Шақырылушылардың саны мен комиссияның жұмыс күндері | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 16.04 | 19.04 | 22.04 | 26.04 | 29.04 | 06.05 | 11.05 | 17.05 | 20.05 | 24.05 |
| 1 | Зеренді | 45 | 45 | 28 | | | | | | | |
| 2 | Викторовка | | | 17 | 24 | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Исаковка | | | | 21 | | | | | | |
| 4 | Пухальск | | | | | 23 | | | | | |
| 5 | Қызылегіс | | | | | 22 | | | | | |
| 6 | Қанай-би атындағы | | | | | | 11 | | | | |
| 7 | Приречен | | | | | | 16 | | | | |
| 8 | Садовый | | | | | | 18 | | | | |
| 9 | Троицк | | | | | | | 12 | | | |
| 10 | Чаглинка | | | | | | | 24 | | | |
| 11 | Байтерек | | | | | | | 9 | | | |
| 12 | Бұлақ | | | | | | | | 30 | | |
| 13 | Сарыөзек | | | | | | | | 15 | | |
| 14 | Алексеевка | | | | | | | | | 11 | |
| 15 | Аққөл | | | | | | | | | 22 | |
| 16 | Ортақ | | | | | | | | | 12 | |
| 17 | Күсеп | | | | | | | | | | 12 |
| 18 | Қызылсая | | | | | | | | | | 16 |
| 19 | С.Сейфуллин атындағы | | | | | | | | | | 17 |
| 20 | Қонысбай | | | | | | | | | | |
| 21 | Симферополь | | | | | | | | | | |
| 22 | Айдабол селосы | | | | | | | | | | |

| 08.06 | 01.10 | 04.10 | 07.10 | 11.10 | 14.10 | 18.10 | 21.10 | 25.10 | 01.11 | 15.11 | 06.12 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 45 | 45 | 30 | | | | | | | | |
| | | | 15 | 25 | | | | | | | |
| | | | | 20 | | | | | | | |
| | | | | | 25 | | | | | | |
| | | | | | 20 | | | | | | |
| | | | | | | 10 | | | | | |
| | | | | | | 17 | | | | | |
| | | | | | | 18 | | | | | |
| | | | | | | | 12 | | | | |
| | | | | | | | 16 | | | | |
| | | | | | | | 17 | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | 33 | | | |
| | | | | | | | | 12 | | | |
| | | | | | | | | | 12 | | |
| | | | | | | | | | 24 | | |
| | | | | | | | | | 9 | | |
| | | | | | | | | | | 11 | |
| | | | | | | | | | | 22 | |
| | | | | | | | | | | 12 | |
| 21 | | | | | | | | | | | 20 |
| 16 | | | | | | | | | | | 17 |
| 13 | | | | | | | | | | | 13 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК